

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫНЫҢ ТАЛДАУЫ

Жұмыстың бағыты,мақсаты, қанша мұғалім жұмыс атқарды, білімі, санаты бойынша талдау.

Мектебімізде жоғары оқу орнын бітіргендер саны-95,орта арнаулы оқу орнын бітіргендер саны-3. Жоғары санатты мұғалімдер саны-2,бірінші санатты мұғалімдер саны-6,екінші санатты мұғалімдер саны-15,педагог-зерттеуші мұғалімдер саны-16, педагог-сарапшы мұғалімдер саны-21, педагог-модератор мұғалімдер саны-22, санатсыз мұғалімдер саны-23. Деңгейлік курсты бітіргендер саны-5, тренерлік курсты бітіргендер саны-2.Үштілділік курсты бітіргендер саны-2.

Жас мамандармен атқарылған іс -шаралар

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру үшін курстан өту кестесі жасалынды. Мектебімізде 2 жас маман жұмыс жасайды.Жас мамандардың кәсіптік деңгейін және әдістемелік дайындығын тексеру мақсатында тәлімгерлер бекітіліп, тәжірибелі ұстаздарымыз сабақтарына енуде.

№	Жас маманның аты жөні	Пәні	Бекітілген тәлімгері
1	Жамантаева Венера	Математика	Лесбаева Гүлжамал
2	Бекжигитова Назерке	Ағылшын тілі	Досанова Жанат
3	Полат Айгерім	Ағылшын тілі	Джултаева Нурида

03.04-07.04.2023 жыл аралығында «Жаңартылған білім беру мазмұнындағы оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді қолданудың жолдары» тақырыбындағы жас мамандар апталығының ашық сабақтар болып өтті.

№	Сабақтың тақырыбы	мерзімі	Пәні, сынып	Мұғалім аты-жөні
1	Sports in Kazakhstan	07.11.2023ж	Ағылшын тілі	Бекжигитова Назерке
2	Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану	01.03.24ж	Математика	Жамантаева Венера

3	The valuable methods of language teaching	02.03.24ж	Ағылшын тілі	Полат Айгерім
---	--	-----------	-----------------	------------------

Ашық сабақтар жоспарға сай өз дәрежесінде өтті. Мұғалімнің жетістіктері мен оқушылардың ұтқыр жауаптары ескеріліп отырды. Сабақ мақсатына жетуде алынған смарт бағыттығы тапсырмалары дұрыс таңдалған. "Жарқын болашақ иесі- бүгінгі жас маман!" жас мамандармен тренинг өткізілді.

Мақсаты: жас мамандарға көмек көрсету және ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. Айналамыздағы адамдармен қарым-қатынасымыз қандай, олар кімдер,біз кіміз , өзімізді-өзіміз танимыз ба? деген сұрақтарға жауап іздеп,тұлғаның адами көзқарасын анықтау.

Міндеті:

- Жас маманға өзін-өзі тәрбиелеуге үйрету, бейімділіктерін дамытуға үйрету, рухани адамгершілікке тәрбиелеу.

- Жаңа технологияны үйренуге, меңгеруге баулу. Жас мамандардың мотивациясын арттыру.Сабақ көңілді әуен толқынымен сәлемдесіп, тренинг қатысушылары жағымды көңіл күймен бастады. ДҒӘІЖО Ф.Оспанова жас мамандарға жаңартылған бағыт бойынша сабақ жоспарын дұрыс түзуді үйретті. Жас мамандар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріп, бағыт-бағдар көрсетті. Тренингті мектебіміздің педагог-психологы Б.Өрісбаева жалғастырды. Психологиялық тренингте жас мамандарға түрлі әдістер арқылы тапсырмалар беріліп, ситуациялық жағдайдан шығу жолдары көрсетілді.

Әрбір жас мұғалімнің жаңаша жұмыс істеп, үнемі ізденісте болуы бүгінгі күннің талабы болса мектептегі басты тұлға-мұғалім. Ы.Алтынсарин сөзімен айтсақ, «Мұғалім-мектептің жүрегі». Жаңа формация мұғалімі-білімнің өзіндік құндылығын түсінетін, жүрегі жаңалық десе соғып тұратын,рефлексияға қабілетті,кәсіби дағдылары дамыған педагогикалық дарын иесі болуы тиіс.

2023-2024 оқу жылында педагогтардың озық тәжірибені тарату жұмыстары.

Ағылшын бірлестігінен Досанова Жанат пен Джултаева Нурида ағылшын пәнінің мұғалімдері аудандық озық тәжірибе таратты. Тақырыбы «Ағылшын тілі сабағында қолданылатын әдіс- тәсілдер»

Тарих-география бірлестігінен Салманов Бекжан, Кулмуханова Айсулу, Абубакирова Гүлжазира, Асылбек Ернұр мұғалімдеріміз әдістемелік құрал жазып таратты. Тақырыбы «Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы » атты облыстық әдістемелік құрал.

Мектептегі өткізілген әдістемелік іс – шаралар.

«Жаңартылған білім мазмұнының тиімді әдіс- тәсілдері» атты он күндік ашық сабақтар жоспары.

№	Тақырыбы	мерзімі	Мұғалімнің аты-жөні
1	Коучинг «Тиімді әдіс-тәсілдер сапалы сабақ кепілі»	28.11.23ж Уақыты 12:15	Пердебаева Ахкенже
2	The valuable methods of language teaching (Интербелсенді әдіс-тәсілдер жинағы)	28.11.23ж Уақыты 15:45	Мауленова Мадина
3	«Топтық жұмыс және оқыту мен оқудағы жаңа әдіс тәсілдердің тиімділігі»	04.12.23ж Уақыты 08:50	Егембердиева Феруза
4	Коучинг «Тиімді оқытудың 6 трамплиндері.»	02.12.23ж Уақыты 15:00	Абубакирова Гүлжазира
5	Тренинг «Оқушы біліміндегі олқылықты жою жолдары»	13.02.12.24ж	Турманова Мадина
6	Коучинг «Тиімді әдіс тәсілдер сапалы сабақ кепілі»	22.04.2024ж	Мамасерипова Құлпынай

28.11.23ж Пердебаева Ахкенже «Тиімді әдіс тәсілдер сапалы сабақ кепілі» атты коучинг сабақ өтті. Сабаққа жас мамандар қатысты көптеген жаңа әдістер көрсетілді, сабақ соңында кері байланыс алу үшін тиімді әдіс көрсетті. Бағалау түрлері мен «Әуе шары » әдісі топтық жұмыста пайдаланған керемет шықты.

28.11.23ж Ағылшын пәні мұғалімі Мауленова Мадина «Интербелсенді әдіс тәсілдер» атты сабақ өтті. Сабақ оқушыларды сабақ барысында зеріктіріп алмау үшін, оқытуды тиімді пайдалану үшін керемет интербелсенді ойын түрлерін көрсетті. Сабаққа мектеп жас мамандары қатысты

12.02.23 ж.Бастауыш мұғалімі Егембердиева Феруза «Топтық жұмыс және оқыту мен оқудағы жаңа әдіс тәсілдердің тиімділігі» тақырыбында коучинг өткізді.

02.12.23ж Тарих пәнінің мұғалімі Абубакирова Гүлжазира «Тиімді оқытудың 6 трамплиндері.» тақырыбында коучинг өткізді. Мұғалімнің өзін ұстауы, сабақ барысында оқушыларды сабаққа тарту, тапсырмадан тыс қалып отқан оқушыларды шығарып қамтып отырды.

13.02.24ж Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Турманова Мадина «Оқушы біліміндегі олқылықты жою жолдары» тақырыбында тренинг өткізіп, жас мамандармен жұмыс жүргізді.

«Олимпиада резервтері мектебі» жұмысы

5-6 сынып оқушыларының республикалық пән олимпиадасының аудандық кезеңі 23-қараша күні Б.Соқпақбаев мектебінде өтті. Нәтижесі бойынша мектебімізден 12 оқушы қатысып, ағылшын тілі пәнінен 5-сынып оқушысы Байыптан Аружан II орын жетекшісі Жаксанова Гүлжан қазақ тарихы 5-сынып оқушысы Тастемір Қарақат жетекшісі А.Құлмаханова, қазақстан тарихы Жамбыл Кәусар 6 сынып 1 орын, облыстан мадақтама. Көшкенбек Сезім 6-сынып ауданнан 1 орын, жаратылыстану жетекшісі М.Шегебаева

8-11 сынып оқушыларының аудандық олимпиадасы 30 қаңтар мен 03 ақпан аралығында болып өтті. Мектебімізге олимпиадаға 14 оқушы қатысып, 8- оқушы жүлделі орындарға ие болды. Атап айтар болсақ: Географиядан Айтуова Тамирис 1 орын, облыстан мадақтама жетекшісі Г.Кенжеева. 9 сынып оқушысы Ахмет Ақерке қазақстан тарихы 2-орын жетекшісі мұғалімі Б.Салманов. Орыс тілі пәнінен Хужабекова Ұлжамал 11 сынып оқушысы 3 орын, жетекшісі Г.Алиева. Орыс тілі пәнінен 10 сынып оқушысы Қайырбекова Аружан 2 орын жетекшісі Ф.Кантуреева, 8 сынып оқушысы орыс тілінен Абдрахман Айым 3 орын жетекшісі Ф.Кантуреева. Биология пәнінен 8 сынып оқушысы Маджанова Айгерім 2 орын жетекшісі Б.Есенбаева.

Білім беру ұйымдарының әдістемелік жұмыстарының SWOT-талдауы.

Мұғалімдер арасында өтілген байқауларға қатысу және жетістіктері. Оқушылар арасында өткен байқаулар, пән олимпиадасы, зияткерлік сайыстарға т.б. оқушылардың қатысуы және жетістіктері.

№12 жалпы білім беретін мектебінің 3-4 сынып оқушыларына арналған Республикалық және облыстық «Алтын сақа» олимпиадасының мектепшілік кезеңінің 2023 жылдың 6-қазанында өтті. Мектепшілік кезеңге 3-сыныптардан 8-оқушы, 4-сыныптар арасынан 7-оқушы қатысты. 3-сыныптардың арасынан 3 «Ә» сынып оқушысы

№	Аты-жөні	Сыныбы	Жетістігі	Жетекші мұғалім
1	Слам Санжар Ахметұлы	3 «Б»	1-орын	Егембердиева Феруза
2	Аханби Жанель Қуанышқызы	3 «Б»	2-орын	Сарсекова Эльмира

3	Кемалхан Мағжан Дамирұлы	3 «Б»	3-орын	Бохаева Алия
4	Мақсатұлы Ернар	4 «А»	1-орын	Туранова Урхия
5	Қуат Бейбарыс Сагитұлы	4 «Б»	2-орын	Мамасерипова Құлпынай
6	Срылбек Нұрсая Ғалымжанқызы	4 «Б»	3-орын	Мамасерипова Құлпынай
7	Нұржан Іңкәр Берікқызы	4 «Ә»	3-орын	Акантаева Гүлнар

«Зерделі» ақыл-мектебімен бірлесіп өткізетін 3-4 сынып оқушылар арасында математикалық **«Алтын сақа»** олимпиадасының аудандық кезеңіне 3 «Ә» сынып оқушысы Слам Санжар Ахметұлы, 4 «А» сынып оқушысы Мақсатұлы Ернар қатысып І-орынға 4 «А» сынып оқушысы Мақсатұлы Ернар иеленіп, облысқа жолдама алды

№	Аты- жөні	Сыныбы	Жетекші мұғалім
1	Слам Санжар Ахметұлы	3 «Ә»	Егембердиева Феруза
2	Мақсатұлы Ернар	4 «А»	Туранова Урхия

Республикалық «Самұрық» математикалық зияткерлік сайысына қатысқан 1-4 сынып оқушыларының қорытынды нәтижелері.

4-14 желтоқсан аралығында аралығында ұйымдастырылған Республикалық «Самұрық» математикалық зияткерлік олимпиадасына бастауыш сынып оқушыларынан 3 оқушы қатыстырылды.

3-сыныптан 3 оқушы, оның 1-еуі 1-орын, 2-еуі 2-орынды иеленді

№	Аты- жөні	Сыныбы	Жетістігі	Жетекші мұғалім
1	Олжабай Нұраслан	3«Б»	1-орын	Бохаева Алия
2	Кемалхан Мағжан	3«Б»	2-орын	Бохаева Алия

3	Тағай Айсұлтан	3«Б»	2-орын	Бохасева Алия
---	-------------------	------	--------	------------------

«ALTYN QYRAN – ерекше дарын иесі» республикалық зияткерлік олимпиадасына қатысқан оқушылардың жетістігі туралы мәлімет.

«ALTYN QYRAN – ерекше дарын иесі» жалпы білім беретін пәндердің қоғамдық гуманитарлық бағыты бойынша 18-25 желтоқсан аралығында ұйымдастырылған республикалық зияткерлік олимпиадасына 2-4 сынып оқушылар арасынан 20 оқушы қатыстырылды.

Қазақ тілі пәнінен 17 оқушы қатысты, оның 4-еуі 2-орын, 9-ы 3-орын, 4-еуі қатысқаны үшін сертификатқа ие болды.

Математика пәнінен 4 оқушы қатысты, оның 1-еуі 2-орын, 2-еуі 3-орын, 1-еуі қатысқаны үшін сертификатқа ие болды.

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Пәні	Алған орны
1	Ашимхан Айдай	3 «Б»	Қазақ тілі	ІІІ-орын
2	Асқарқызы Інжу	3 «Б»	Қазақ тілі	ІІІ-орын
3	Қаблан Інжу	3 «А»	Математика	сертификат
4	Сейфолла Жансая	3 «А»	Қазақ тілі	ІІІ-орын

2-4 сыныптар арасында «Бастау» олимпиадасының аудандық кезеңіне мектебімізден 2 «Б» сынып оқушысы Жанқабыл Айша Нұрланқызы, 3 «Б» Олжабай Нұрасылан Түймебайұлы, 4 «Б» сынып оқушысы Сырлыбек Нұрсая Ғалымжанқызы қатысып, 3 «Б» Олжабай Нұрасылан Түймебайұлы ІІ-орынды иеленді.

«Зерделі» ақыл-мектебімен бірлесіп өткізетін 3-4 сынып оқушылар арасында математикалық «Алтын сақа» олимпиадасының облыстық кезеңіне қатысып ІІ-орынды иеленді.

1. Жақсыбек Нұржамал Жаратылыстану пәні бойынша 1-4 сынып оқушылары арасында өткізілген «Барыс 2023» республикалық олимпиадасында жүлделі 1-орын алғаны үшін Құдабаева Жұлдыз 1-сынып
2. Сейфолла Назерке Жаратылыстану пәні бойынша 1-4 сынып оқушылары арасында өткізілген «Барыс 2023» республикалық олимпиадасында жүлделі 1-орын алғаны үшін Құдабаева Жұлдыз 1-сынып
3. Махмут Ерислам Жаратылыстану пәні бойынша 1-4 сынып оқушылары арасында өткізілген «Барыс 2023» республикалық олимпиадасында жүлделі 1-орын алғаны үшін Құдабаева Жұлдыз

4. Амирхан Айлин Алмасханқызы «Бәйтерек» республикалық зияткерлік олимпиадасының «Бас жүлде» жеңімпазы Егембердиева Феруза
5. Кемелхан Бақытжан Дамирұлы Республикалық «Самұрық» математикалық зияткерлік олимпиадасының «Бас жүлде» Туранова Урхия
6. Мурзабаева Азиза Республикалық «Самұрық» математикалық зияткерлік олимпиадасының 1-орын Туранова Урхия 3-сынып
7. Батырмай Мадина Республикалық «Самұрық» математикалық зияткерлік олимпиадасының «Бас жүлде» Есиркепова Ақтолқын 3-сынып
8. Орынбай Кәусар «Бәйтерек» республикалық зияткерлік олимпиадасының «Бас жүлде» жеңімпазы Есиркепова Ақтолқын 3-сынып
9. Қаблан Бақдәулет Республикалық «Самұрық» математикалық зияткерлік олимпиадасының «Бас жүлде» Мусаева Сулухан 4-сынып
10. Тоқтар Назгүл Республикалық «Самұрық» математикалық зияткерлік олимпиадасының «Бас жүлде» Мамбетова Халима 5-сынып
11. Сабит Аяулым Жандарбекқызы Ағылшын Мауленова Мадина 11-сынып
12. Саламатова Жұпар Жұматқызы Мың бала» республикалық зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен 2023-2024 оқу жылының сәуір айындағы «Мақатаев оқулары» конкурсына қатысып, 1-орын иеленгені үшін марапатталады. Бурибекова Клара 7-сынып
13. Айтбек Айханым Жарқынқызы Мың бала» республикалық зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен 2023-2024 оқу жылының сәуір айындағы «Мақатаев оқулары» конкурсына қатысып, 1-орын иеленгені үшін марапатталады. Бурибекова Клара
14. Асқар Жайна Сапарғали Мың бала» республикалық зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен 2023-2024 оқу жылының сәуір айындағы «Мақатаев оқулары» конкурсына қатысып, 1-орын иеленгені үшін марапатталады. Бурибекова Клара 7-сынып
15. Каримберген Елдос Республикалық «Education» баспа үйінің ұйымдастыруымен өткізілген іс-шараның жеңімпазы « XXI ғасыр көшбасшысы» 5-сынып Асанова Г

16. Алаухан Асылзат «Бәйтерек» республикалық зияткерлік олимпиадасының «Бас жүлде» жеңімпазы 8-сынып Байташова Асем

17. Нұржан Іңкәр Берікқызы «Бастау» математикалық турнирдің аудандық кезеңінен 1-орын жеңімпазы Акантаева Г

18. Жарылқап Заңғар Жаратылыстану пәні бойынша 1-4 сынып оқушылары арасында өткізілген «Барыс 2023» республикалық олимпиадасында жүлделі 1-орын алғаны үшін 1 «ә» сынып

19. Ерғали Раяна Жаратылыстану пәні бойынша 1-4 сынып оқушылары арасында өткізілген «Барыс 2023» республикалық олимпиадасында жүлделі 1-орын алғаны үшін 1 «ә» Иманбердиева Ф

20. Жаңқабыл Айша Жаратылыстану пәні бойынша 1-4 сынып оқушылары арасында өткізілген «Барыс 2023» республикалық олимпиадасында жүлделі 1-орын алғаны үшін 1 «б» Махкамбай Ұлданай

21. Жамбыл Дінмұхаммед Республикалық «Самұрық» математикалық зияткерлік олимпиадасының «Бас жүлде» Жетекшісі: Таласова Маржан

22. Нұрташ Таңшолпан Оразбекқызы Халықаралық «Өрлеу өркендеу» ғылыми ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен «Жас зерттеуші» ғылыми жоба байқауынан 1-дәрежелі диплом Толегенова Ақерке

23. Рахымжан Айда 2023-2024 оқу жылының наурыз- сәуір айларындағы «Абайтану» олимпиадасына «Өлең -сөздің патшасы, сөз сарасы» атты номинациясына қатысып 1-орын иеленегі үшін марапатталады. 6-сынып

Бурибекова Клара

24. Бердібек Әмина Мың бала» республикалық зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен 2023-2024 оқу жылының сәуір айындағы «Мақатаев оқулары» конкурсына қатысып, 1-орын иеленгені үшін марапатталады. 7-сынып Бурибекова Клара

25. Ергеш Кәусар «Мың бала» республикалық зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен 2023-2024 оқу жылының сәуір айындағы «Мақатаев оқулары» конкурсына қатысып, 1-орын иеленгені үшін марапатталады. 7-сынып Бурибекова Клара

26. Тағабек Зере 2023-2024 оқу жылының наурыз- сәуір айларындағы «Абайтану» олимпиадасына «Өлең -сөздің патшасы, сөз сарасы» атты номинациясына қатысып 1-орын иеленегі үшін марапатталады.

Жетекшісі:

Бурибекова Клара

2023-2024 оқу жылындағы 31-тамыз күнгі №1 педкеңесінің қаулысына сәйкес төмендегі мұғалімдер әдістемелік бірлестік жетекшілері сайланды

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні
1	Абубакирова Тиллагуль Абубакировна	Орыс тілі мен әдебиеті
2	Джултаева Нурида Курбанбаевна	Ағылшын тілі пәні бірлестігі
3	Сайфуддинова Меруерт Райымхановна	Қазақ тілі мен әдебиеті
4	Оңғаров Қуаныш Сапарбекұлы	Дене шынықтыру
5	Мамбетова Халима Жунисалиевна	ИФМ
6	Мырзамуратова Жанар Оралбаевна	Технология пәні
7	Мусабеков Бакберген Кадирбекович	Тарих және география
8	Бижанова Дамира Исламбековна	Химия және биология
9	Бохаета Алия Курмантаевна	Бастауыш пәні

№12 жалпы орта мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы өткізілетін пән апталықтарының жоспары бекітілді.

№	Пән бірлестіктері	Мерзімі
1	ИФМ бірлестігі	03.10- 13.10.2023 ж
2	Бастауыш сынып бірлестігі	08.11- 15.11.2023 ж
3	Тарих және география пәні бірлестігі	21.11- 30.11.2023 ж
4	Орыс тілі және әдебиеті пәні бірлестігі	05.12- 15.12.2023 ж
5	Ағылшын пән бірлестігі	10.01- 18.01.2024 ж
6	Қазақ тілі және әдебиеті пәні бірлестігі	06.02- 14.02.2024 ж
7	Жас мамандар апталығы	20.02- 29.02.2024 ж
8	Химия-биология бірлестігі	05.03- 15.03.2024 ж
9	Озық тәжірибе мектебі мен шығармашыл топ апталығы	02.04- 09.04.2024 ж
10	Еңбек, ән-күй, бейнелеу пәні бірлестігі	16.04- 23.04.2024 ж

11	Дене шынықтыр пәні бірлестігі	08.05- 16.05.2024 ж
12	Үйірме апталығы	23.01- 31.01.2024 ж

№12 жалпы білім беретін мектепті 2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық тобы және 1-11 сыныптар бойынша жалпы барлығы 632 оқушы аяқтап отыр.

Оның ішінде 5-9 сыныптар аралығын 393 оқушы аяқтады.

Оның ішінде:

Оның ішінде 5-9 сыныптар аралығын 393 оқушы аяқтады.

Оның ішінде:

5-9 сыныптарда – 393 оқушы; Қыз бала – 206; Ұл бала – 187;

5-сыныптарда жалпы – 60 оқушы; Қыз бала –41 ; Ұл бала –19 ;

6-сыныптарда жалпы – 90 оқушы; Қыз бала – 45; Ұл бала –45 ;

7-сыныптарда жалпы – 84 оқушы; Қыз бала –41 ; Ұл бала –43 ;

8-сыныптарда жалпы – 102 оқушы; Қыз бала –50 ; Ұл бала –52 ;

9-сыныптарда жалпы – 57 оқушы; Қыз бала – 29 ; Ұл бала – 28.

10-11 сыныптар аралығында 78 оқушы. Оның ішінде

Қыз бала –45 ; Ұл бала –33 ;

10-сыныптарда жалпы – 56 оқушы; Қыз бала – 30; Ұл бала – 26;

11-сыныптарда жалпы – 22 оқушы; Қыз бала –15 ; Ұл бала –7 .

6 "б" Бұрхан Жанерке, 8 "б" Дүйсенбаева Айда ,

8 "в" Түребек Нұрсұлтан , 8 "в" Жора Сандуғаш , 9 "б" Ағажан Ақжарқын үйден оқытылуда. Үйде оқытылатын оқушыларға сабақ беретін пән мұғалімдері уақытылы сабақтарын өтіп, тоқсандық бағалары қорытылды.

Оқушыларды пән олимпиадалары, түрлі деңгейдегі байқау, сайыс, конкурстарға, ғылыми жоба қорғау жұмысына дайындау барысы.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар мен үйден оқыту

Биылғы оқу жылының аяқталуына орай қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілді:

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2024 жылғы 3 маусым;

3) қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2024 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы,

әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 10 маусым;

11 (12)-сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 28 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 31 мамыр;

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2024 жылғы 4 маусым;

4) қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2024 жылғы 7 маусым;

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 11 маусым.

Токсандық бағаға шығару кезінде 2020 жылғы 28 желтоқсандағы №548 бұйрығы басшылыққа алынды. Аптасына 1 сағат болатын пәндерден БЖБ жұмыс алынды, тоқсандық баға 3 тоқсанда алынған БЖБ мен 4 тоқсанда алынған БЖБ қорытындысымен 4 тоқсанда қорытылады. Қалған пәндерден БЖБ, ТЖБ жұмыстары уақытында алынып отырды. Алынған жұмыстар бойынша тоқсандық баға шығарылды. Электрондық журнал толтырылды. Сыныптар бойынша есептер «Білімкласс» электронды журналдан алынды. Bilimland платформасының «Білім класс» электронды журналы толық қорытынды бағалары шығарылып, бүгінгі таңда емтихан алынған пәндердің бағасы уақытылы қойылды. Алдағы уақытта алынатын емтихан бағаларын уақытылы қою керек екендігін ескертемін. Сынып жетекшілер сыныптың электронды журналын жүктеп, шығарып әкеліп берулеріңіз керек екендігін ескертемін.

Токсандық бағаға шығару кезінде 2020 жылғы 28 желтоқсандағы №548 бұйрығы басшылыққа алынды. Аптасына 1 сағат болатын пәндерден БЖБ жұмыс алынды, тоқсандық баға 3 тоқсанда алынған БЖБ мен 4 тоқсанда алынған БЖБ қорытындысымен 4 тоқсанда қорытылады. Қалған пәндерден БЖБ, ТЖБ жұмыстары уақытында алынып отырды. Алынған жұмыстар бойынша тоқсандық баға шығарылды. Электрондық журнал толтырылды. Сыныптар бойынша есептер «Білімкласс» электронды журналдан алынды. Bilimland платформасының «Білімкласс» электронды журналы толық қорытынды бағалары шығарылып, бүгінгі таңда емтихан алынған пәндердің бағасы уақытылы қойылды. Алдағы уақытта алынатын емтихан бағаларын уақытылы қою керек екендігін ескертемін. Сынып жетекшілер сыныптың электронды журналын жүктеп, шығарып әкеліп берулеріңіз керек екендігін ескертемін.

25 қыркүйек күні «Президенттік олимпиада» аудандық кезеңі болып өтті, мектебімізден 11 сынып оқушысы Тұрғанбек Гүлжарқын қатыстырылды.

7 қазан күні 5-11 сынып оқушылары арасында мектепшілік пәндер олимпиадасы болып өтті. Бұйрық бекітіліп, кабинеттің ішінде жауапты мұғалімдер бекітілді. Оқушылар түгел қатыстырылып, хаттамалар уақытылы толтырылды. I орын иемденген оқушылар аймақтық, аудандық олимпиадаға дайындық жұмыстарын жүргізіп жатыр.

«Менің шағын Отаным» аудандық байқауына 9 сынып оқушысы Ахмет Ақерке мен Тұрапбай Нұрайлым 10.10.2023ж қатысып, жүлделі II орын Ахмет Ақерке оқушымыз иемденді. Жетекшілік жасаған мұғалімдер тарих пәнінің мұғалімдері Салманов Бекжан мен Қалмұратов Бауыржан.

«National Geographic Qazaqstan» бақауына 7-8 сынып оқушыларын қатыстырып, 7-сынып оқушысы Төлеген Арайлым, 8-сынып оқушысы Айтбек Айғаным I орын иемденіп, облыстық кезеңге қатысып орын ала алмады. Жетекшісі география пәні мұғалімі Мусабеков Бақберген.

Жазушы драматург, журналис, ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР Жастар сыйлығының лауреаты Оралхан Бөкейдің құнды шығармаларын жастарға дәріптеу мақсатында «Оралхан оқулары» атты көркемсөз байқауына 9 «ә» сынып оқушылары қатысып II орын иемденді. Жетекшілік жасаған мұғалім қазақ тілі пәні мұғалімі Бурибекова Клара.

«Зерде кіші ғылыми жобасы» 2-7 сыныптар арасының аудандық кезеңіне 4 «Б» сынып оқушысы Қуат Бейбарыс «Гаджет түрлері және оның адам ағзасына кері әсері, пайдасы» атты тақырыпта қатысып облыстық кезеңнен «Мақтау қағазы» алды.

Пән олимпиадасының аймақтық кезеңіне 30 оқушы қатысып, іріктелген оқушылар аудандық кезеңге қатысты. Аудандық кезеңнен орын алған оқушылар Айутова Томирис география I орын, Қалмұратова Балнұр физика I орын, Сырлыбек Арайлым математика пәнінен III орын, Ергеш Нұрболат III орын, Қайырбекова Аружан III орын орыс тілі мен әдебиетінен Хужабекова Ұлжамал III орын, Абдикадир Арай III орын, Халбаева Балжан қазақ тілінен III орын, Абубакиров Бексұлтан II орын. Облыстық кезеңге Айтуова Томирис география, Қалмұратова Балнұр физика пәнінен қатысады.

Мұғалімдер арасындағы марапаттар

Түркістан облысы әкімдігінің Республика күніне арнап өткізген «Қыран елім -Қазақстан » атты салтанатты шарасында №12 жалпы орта мектебіміздің ұлағатты ұстазы Жанар Мырзамұратова «Шапағат» медалінің иегері атанды. Аудандық мұғалімдер арасында «III Ыбырай жазулары» конкурсының III орын иемденген ағылшын пәні мұғалімі Полат Айгерім.

Педагог кадрларды аттестаттау барысы, біліктілік курстарынан өтудің даму жоспары туралы.

Түркістан облысының білім басқармасының «Шардара ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Педагог қызметкерлер мен оларға

теңестірілген тұлғаларды аттестаттау туралы» 2023 жылдың №264 бұйрығының 3 -қосымшасына сәйкес педагог -модератор санатын алған мұғалімдер. Математика пәні мұғалімі Лесбаева Г, әлеуметтік педагог Байназарова З, бастауыш пәні мұғалімі Егембердиева Ф, Аман Ж, математика пәні мұғалімі Мамбетова Х, қазақ тілі пәні мұғалімі Изеева Л, физика пәні мұғалімі Байташова А, еңбек пәні мұғалімі Рысбеков Е, биология пәні мұғалімі Батырмбетова Г, тарих пәні мұғалімі Кулмаанова А, даярлық тобының мұғалімі Даулетова Б, үйірме жетекшісі Дүйсебекова Лағила мұғалімдеріміз педагог-модератор санаттарына теңестірілді.

Түркістан облысының білім басқармасының аттестаттау комиссиясының 2023 жылғы 29 тамыздағы №228 бұйрығының шешіміне сәйкес қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Сланбекова Ж, ағылшын пәні мұғалімі Досанова Жанат педагог-сарапшы санаттарына теңестірілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізілуде (бұдан әрі – Бұйрық жобасы). Қазіргі уақытта Бұйрық жобасы мемлекеттік органдармен және ұйымдармен келісуде.

Осыған байланысты педагогтерді аттестаттауды 2023 жылы (қыркүйек-желтоқсан) тоқтата тұру қажет. Педагогтердің білімін бағалау 2024 жылдың қаңтар-маусымына ауыстырылады.

Сондай-ақ, қолданылу мерзімі 2023 жылғы желтоқсанда аяқталатын педагогтердің, білім беру ұйымдары басшыларының, басшылар орынбасарларының қолданыстағы біліктілік санаттарын келесі аттестаттау кезеңіне (2024 жылғы қаңтар-маусым) дейін ұзарту қажет.

Бұдан басқа, «Білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаттарын беру (растау) туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 25 қыркүйектегі № 297 бұйрығына сәйкес «педагог – шебер» біліктілік санатына үміткер педагогтер бойынша Оқу-ағарту министрлігінің аттестаттау комиссиясының шешімі бекітілді (№297 бұйрық электрондық пошта арқылы жіберілді).

«Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді» деген шешім қабылданған педагогтер бойынша қолда бар біліктілік санаттары келесі аттестаттау кезеңіне (қаңтар-маусым) дейін сақталатынын түсіндіреміз.

Келесі аттестаттау кезеңінде педагог аттестаттау рәсімінен қайта өтеді. Еңбек ақы қолда бар біліктілік санаты бойынша келесі аттестаттау кезеңіне дейін (2024 жылғы қаңтар-маусым) жүргізіледі

Біліктілігін көтеруге өтініш берген мұғалімдер.

1. Усенова Нишанкуль Ахметовна -педагог- модератор
2. Сланбекова Жамила Мусахановна-педагог- зерттеуші
3. Батырмбетова Гаухар Рысбековна-педагог- модератор
4. Изеева Лаура Тагайбаевна-педагог- модератор
5. Сапарбекова Бибикуль Маматказыевна-педагог- модератор
6. Досанова Жанат Тунгишбаевна-педагог- зерттеуші
7. Мамбетова Халима Жунисалиевна-педагог- модератор

8. Байташова Асемкуль Сабитовна-педагог- модератор
9. Кулмуханова Айсулу Абилхановна-педагог- сарапшы
10. Байназарова Зульфия Нурамахановна-педагог- модератор
11. Абдиманапов Рақымжан Ысабекович-педагог- модератор
12. Дуйсебекова Лағила Тойбекқызы-педагог- модератор
13. Егембердиева Феруза Турисбековна-педагог- модератор
14. Аман Жанна Жақсылыққызы-педагог- модератор
15. Жаукимова Нургул Тузелбаевна-педагог- модератор
16. Даулетова Бибикул Алкаровна-педагог- модератор
17. Рысбеков Ержан Бекмуратович-педагог- модератор

Қазақ тілі - кез келген мемлекеттің, елдің ең негізгі рәмізі, ұраны және тірегі. Біздің Отанымыз байтақ та бай ел. Елімізде көптеген ұлт өкілдері тұрады. Атадан балаға мирас болып қалған баға жетпес мұраны дәріптеу мақсатында 07.10-14.10.23ж аралығында **«Қазақ тілін оқытудағы тиімді әдіс-тәсілдер» тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті пәні** әдістемелік бірлестігінің апталығы болып өтті. Апталықтың іс-шара жоспары алдын – ала жоспарланып, бекітілді.

Бұл іс-шараларға пән мұғалімдері, мектеп оқушылары белсене қатысты.

07.10.2023ж 9 а сыныбында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А. Усербаева автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін табу мақсатында **«Шешендік сөздер»** бойынша ашық сабақ өтті. Сабақ барысында сыныпты **«Миға шабуыл»** әдісі арқылы оқушылардың қызығушылығын оятып, **«Кубизм»** әдісі арқылы үй-тапсырмасын сұрап, тақырып бойынша бейнеролик көрсету арқылы оқушылардың сабаққа қызығушылығын оятып, оқушылар бір-бірлеріне сұрақ қойып, үй тапсырмасын еске түсіріп алды. **«ДЖИКСО»** постермен жұмыс, венн диаграммасы арқылы кейіпкерледі салыстыра білді. Топтық жұмыс арқылы постер қорғады. Оқушылар сабаққа белсенді қатысты.

07.10.2023ж «Өз проблемаңнан жеке қалма» тақырыбында 8 сыныптар арасында К. Бурибекова дебат сабағын өткізді. Дебат сабағы барысында оқушылар өз ойын ашық айтып, егеменді еліміздің тұғыры қашан да тіліменен биік екенін жеткізе білді.

11.10.2023ж 10 а сыныбында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі М. Зулбухарова 10.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау мақсатында А. Құнанбайұлының «Ескендір» поэмасын өтті. Оқушыларды **«Атом- молекула»** ойыны әдісі арқылы «Ескендір» , **«Аристотель»** тобы деп бөлді. Үй тапсырмасын **«Оймоншақ»** әдісі арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, өткен сабақ бойынша оқушылар бір-бір сөйлемнен айтып шығып, сөйлемдер бір-бірімен логикалық байланыс жасады.

Қызығушылықты **«Кросеанс»** әдісі арқылы берілген суреттерді байланыстырып, «Ескендір» поэмасының сюжетін баяндап, жаңа сабақтың тақырыбын анықтады.

Шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтап , композициялық құрылымына талдады. Шығарма кейіпкерлеріне салыстырмалы мінездеме берді. Әр тапсырмадан соң «Фишка» әдісі арқылы қалыптастырушы бағаланды. «Екі түрлі түсіндерме күнделігі» әдісі арқылы жұптық жұмыс жасалды. Мәтіннен үзінді оқып, үзінді мазмұнына сәйкес мақал –мәтел айтты. «Кезбе тілші» әдісі бүгінгі сабақты қорытындылау мақсатында оқушыларға сұрақтар қойылып, поэма желісі бойынша сурет салды. «3 Қ» әдісі арқылы кері байланыс жасады.



12.10.2023ж Ш. Азбергенова 5 сыныптарға 5.1.4.1. Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау, 5.2.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау оқу мақсатында «**Бесікке салу**» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сынып оқушыларын тірек сөздер бойынша «Отбасы» тобы(әке,шеше,бауыр,ата,әже,әпке) «Салт-дәстүр» тобы (бесікке салу,тілашар,шілдехана,тұсау кесу) топқа бөліп, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында «**Мен саған сенемін**» жаттығуын жасап, жұпқа бірігіміз, бір-біріңізге қарама қарсы орналасыңыз, азғантай уақыт бір-біріңіздің көздеріңізге тіке қарап, тыныш отырыңыз, енді бір-біріңізге «Мен саған сенемін, өйткені...» деп сөйлемді жалғастырды. Үй тапсырмасы «**Шыбын таяқ**» әдісі арқылы сұралып, қызығушылығын ояту мақсатында «**Ой қозғау**» әдісі арқылы бейнежазба көрсетілді. «Ой қозғау»

әдісімен бейнероликті көріп, сұрақтарға жауап беріп, жаңа тақырыптың не туралы болатындығын болжамдады. Жаңа сабақ тақырыбы анықталып, мұғалім сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты мен бағалау критерийімен таныстырды. Тыңдалым тапсырмасы бойынша бесік той туралы мәтінді (07. mp3) тыңдап, туыстық атаулар мен дәстүр жоралғыларды теріп жазды. Сергіту сәтінде **«Бесік»** жыры өлеңі айтылып оқушылар көңілін көтерді. Тыңдалымнан кейінгі тапсырма жұптық жұмыс бойынша оқушылар 2-тапсырма бойынша мәтінді оқып, негізгі және қосымша ақпаратты анықтап кестеге жазып, оқу барысында таныс емес сөздердің астын сызып, мәтіндегі негізгі тірек сөздерді тауып, дыбыстық талдау жасады. «Тұжырымдамалық кесте» әдісі арқылы топтық жұмыс орындап, Ассоциация» әдістері арқылы постер қорғады. Ой толғаныс **«Бір минут»** әдісі арқылы сабақты қорытындылап «Желкенді кеме» арқылы мұғалімнің тиімді кері байланыс берді.

От жалынға оранған майдан даласында қарсы келген жаудан қаймықпай, батырлықтың символына айналған Бауыржан Момышұлы атамыздың өзі: «Менің үш қорқынышым бар. Біріншісі – бесік жырын айта алмайтын келіндердің көбеюінен, екіншісі – немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбеюінен, үшіншіден – салт-дәстүрін сыйламайтын ұрпақтың көбеюінен қорқамын» деген сөзімен сабақты қорытындылап сабаққа белсенділік танытқан оқушыларды бағалады. Әр тапсырмадан соң ҚБ бағалап отырды.

12.10.2023ж С. Базарбаева **«Жеті ғажайып сыры»** тақырыбында ашық сабақ өтілді. **«Сыртқы және ішкі шеңбер»** ойыны арқылы жағымды психологиялық ахуал орнатып, үй тапсырмасын пысықтап алды. Бейнеролик көрсетіп жаңа тақырыпқа қызығушылығын оятты, **«Пазл»** әдісі арқылы факт келтіріп, сұрақ қойып, тұжырым жасап, оқушылар топпен жұмыс жасайды. Тақырыпқа байланысты өлең құрастыру, сурет салу, мақал-мәтел жазу, эссе жазу яғни оқушылармен жеке жұмыс жүргізілді. **«Ортадағы қаламсап»** әдісі арқылы оқушылар мәтіннен әсер еткен тұсын анықтайды, хат, ой толғау, мақала жазады, хат, эссе, мақаланың жазылу тәртібін сақтайды.



12.10.2023 ж «Масғұт» поэмасының тақырыбы мен идеясы» тақырыбында **10.1.1.1** әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну, **10.1.5.1** ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру оқыту мақсатында 10а сыныбында ашық сабақ өткіздім.



Оқушылармен сәлемдесіп, сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында А. Құнанбаевтың «Желсіз түнде жарық ай» әнімен

бастап қызыл, сары алма арқылы «Абайдың қарасөздері», «Абайдың өлеңдері» арқылы екі топқа бөлдім.



12.10.2023 ж «Масғұт» поэмасының тақырыбы мен идеясы» тақырыбында **10.1.1.1** әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну, **10.1.5.1** ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру оқыту мақсатында 10а сыныбында ашық сабақ өткіздім.



Оқушылармен сәлемдесіп, сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында А. Құнанбаевтың «Желсіз түнде жарық ай» әнімен бастап қызыл, сары алма арқылы «Абайдың қарасөздері», «Абайдың өлеңдері» арқылы екі топқа бөлдім.



«6 неліктен?» стратегиясы арқылы Абай шығармашылығына байланысты сұрақтар қойылып, өткен сабақты пысықтап алдық.



Оқушылардың барлығы дерлік белсенділік танытып, өткен сабақтарды жақсы

меңгергендігін көрсете білді. Тапсырмаға жауап берген оқушыларды «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы ҚБ бағаланып отырды.



«Әлем Абайды танысын!» айдарында ағылшын тілі пәнінің мұғалімі М. Мауленова оқушыларға Абайдың жүрген ізі, жолы бойынша ағылшын тілінде сұрақтар қойып, оқушылардан ағылшын тілінде жауабын алып, ағылшын тілін керемет меңгергендігі, пәнге деген қызығушылығы жоғары екендігін көрсете білді.



Қазақ халқының ұлы ақыны, кемеңгер ұстазы, туған елінің мың жылдық мұңын шерткен Абай мұрасы мәңгілік мұра. Ол бүгінгі күні өзіміздің досымыздай, ғұлама сапарлас серігіміздей болып, сәулетті болашаққа қарай бізбен бірге аршындап, адымдап келгенін сезіндіру мақсатында «**Ойтүрткі**» әдісі бойынша Абайдың жүрген ізі, шығармашылығы жайында бейнеролик көрсетіліп, оқушылар Абайдың «**Масғұт**» поэмасымен танысып, болжам жасап, қандай ой түйгені жайлы жетелеуші сұрақтар арқылы ойларын ортаға салады.



1. Поэmanın бас кейіпкері кім? Ол қандай қасиеттерімен ерекшеленді?
2. Абай «Масғұт» поэмасын қандай шығарма желісімен жазды? Оған не түрткі болды?
3. Поэмада қандай мәселе сөз болды?
4. Кейіпкердің қызыл жемісті таңдауынан қандай ой түйдіндер? Оқушылар осы сұрақтарға жауап беріп, бағаланып отырды.

«Сөз қоржыны» әдісі арқылы төмендегі сөздермен сөз қоржынын толықтырды, дінтерлеріне жазып алды.

*Топа-торсаң-қалай болса солай, тектен-тек, боспан-босқа
Қыдыр-ел аралап жүретін адам бейнелі әулие, адамға бақыт, дәулет беруші*

Халифа-Орта ғасырларда мұсылман дініндегі елдердің діні мен үкіметін бір-өзі басқарып отырған мемлекет билеушісінің құрметті атағы, лауазымы

Шырыш бұзған-тыныштығын, берекесін кетірген

Ғапіл-арманда болып, онық жеп

Аян беру-адамның ұйықтап жатып, түс кезінде оны не күтіп тұрғанын бейтаныс бейнелердің тікелей немесе әр түрлі инабаттар арқылы сездіруі

Сабақ барысында «Абайдың қарасөздері» тобы поэманы композициялық құрылымына талдау жасап, мазмұнын дұрыс құрылымдаса, **2-топ «Абайдың өлеңдері»** тобы «Бес қадам» әдісі арқылы поэмадағы басты кейіпкер Масғұтқа мінездеме беріп, іс-әрекеттерін даралап, шығарма кейіпкерлерінің қасиеттерін анықтап, салыстырмалы мінездеме беріп, мысалдар келтіре білді.

Масғұттың бойындағы жақсы, жаман қасиеттерді, ақ жеміс пен сары жемістен бас тарту, қызыл жемісті таңдаудағы себебін анықтап, шығарма кейіпкерінің іс-әрекетіне қатысты өз пікірін ортаға салды.

Оқушылармен жеке жұмыс жүргізіліп, оомадағы Масғұттың қызыл жемісті таңдаудағы артықшылығы мен кемшілігін ВЕНН диаграммасы арқылы салыстырып жазып жақсы мен жаман қасиеттерді айқындады.

«Болмасаң да ұқсап бақ» әдісі арқылы оқушылар өз шығармашылығы бойынша

-----Абайды

-----талайды

-----жарайды

өлең құрастырып, мәнерлеп оқып берді. Оқушылардың шығармашылыққа бейім екенін көрсете білді.

Осы поэмадан қандай ой түюге болады? М.Әуезовтің «Ескі Бағдат тонын кидіргенше, өз тұсындағы қазақтың өзіндік тіршілігінен алып, сюжетті сол болмыстан қиюластырса, шығарманың басты идеялары оқушыларына орағытып жетпей, төтелей жеткен болар еді» деген ойымен келісесің бе? Ойыңды қалай дәлелдейсің? Сұрақтары бойынша сабақты қорытындылап, «**5 саусақ**» әдісі арқылы бас бармақ-мен үшін маңызды және қызық, балан үйрек-маған түсініксіз болды, ортан терек-маған жеткілікті болмады, шылдыр шүмек-менің көңіл күйім, кішкене бөбек-менің ұсынысым бойынша белгі көрсетіп, сабақты қалай меңгергіндігін білдірді. Сабақ барысындағы тапсырмалар бойынша сұрақтарға жауап берген оқушылар дер кезінде бағаланып отырды.

Ж. Сланбекованың сабағына мектептің ата-аналар комитетінің төрайымы Қ. Әбдиева, мектептің тренер ұстазы А. Усербаева, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М. Тұрманова, директордың ғылыми әдістемелік жөніндегі орынбасары Ф. Оспанова, директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары Г. Батырмбетова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Н. Үсенова, кәсіптік бағдарлаушы Ш. Әбдімауленова, және математика, орыс тілі, ағылшын тілі, бастауыш сынып, бірлестіктің мұғалімдері қатысып, талдау жасап, оқушыларға рақметін айтты.

13.10.2023ж К. Бурибекова 6 сыныпқа 6.1.3.1 - тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау, 6.3.1.1 - тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу тақырыбында «Әлемнің жеті кереметі. Семирамида аспалы бағы» ашық сабақ өтті. Жағымды психологиялық ахуал қалыптастырып **«Жүректен жүрекке»** әдісі арқылы бір-біріне деген жылы лебіздерін білдіріп, **«Маған ұнаған пирамида»** әдісі арқылы 1-топ Семирамида аспалы бағы, 2-топ Жеті ғажайып сыры, 3-топ Египет пирамидасы 3 топқа бөлді. Қызығушылықты ояту кезеңінде **«Ғажайып алаң»** әдісі арқылы өткен сабақты пысықтады.

Мағынаны тану кезеңі тақырыбы мен мақсатымен танысады. Оқушылар тақырыпқа байланысты мәлімет алады. Жұптық жұмыс жүргізіліп оқулықтағы мәтінді оқушылар рөлге бөліп оқыды, мәтіннің астындағы сұрақтарға жауап беріп, детальды ақпаратты анықтады.

«Мектепке дайындық» әдісі арқылы ілулі тұрған сөмкеден түрлі мектеп құралдарын жинақтап, олардың әрқайсысының арқасында біріккен, бөлек, дефис арқылы жазылған сөздерді жасырылған. Соларды қандай сөздер екенін ажыратып, орфографиялық нормаға сай тақтаға, дәптерге жазды. **«Қыдырып қайтайық»** тақырыбында сергіту сәті жүргізілді.

3 топқа топтық жұмыстар беріліп, жеке-жеке тапсырмалар, постер, **«Хикая пирамидасы»** кестесіне **«Семирамида аспалы бағының салыну»** деген тапсырманы орындап, **«7 мостаба»** әдісі арқылы сабақты өмірмен байланыстыру үшін еліміздегі қандай көрікті жерлерді жеті кереметке жатқызатыны жайлы, оқушылар өз ойларарымен ойтолғау жазып, **«Сөзді қиыстыр»** әдісі арқылы Аспалы баққа төрт шумақ өлең құрастырды.



13.10.2023ж қазақ тілі әдебиеті пәнінің мұғалімі М. Сайфуддинова 8^б сыныптарға 8.3.2.1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру мақсатында **«Балаларыма өсиет»** тақырыбында ашық сабақ өткізді. Үй тапсырмасын «Миға шабуыл» әдісі арқылы сұрап, «Адам бойында қандай жақсы қасиеттер болуы тиіс?» оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятып алды. Сабақтың мақсаты айқындалып, видеоролик арқылы жаңа сабақ түсіндірілді. Сынып оқушылары алдымен жыраудың «Балаларыма өсиет» толғауын интерактивті тақтадан тыңдады. Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту мақсатында «Торлы диаграмма» әдісімен топтық жұмыс жүргізілді, шығармадағы құндылықтарды таба алды, құндылықтарды мазмұнына қарай топтастырды, Тірек сөздердің мағынасына түсініктеме беріп, өлеңдегі құндылықтарды заманауи тұрғыда түсіндіре алды.

«Еркін жазу» әдісі арқылы шығармадағы тірек сөздерді қатыстыра отырып, оқушылар өздерінің сөз бен сөзді, сөз тіркестерін байланыстыру шеберліктерін байқай мақсатында жұптық жұмыс жүргізілді. Шығарманың мазмұнымен таныстырып, шығарма авторының негізгі ойын анықтату мақсатында **«Оқылымға саяхат»** әдісі мен жеке жұмыс жүргізілді. **«Бірлігіңнен айрылма, Бірлікте бар қасиет»** -деген өлең жолдарға негіз бола алатын бірлік туралы бес мақал-мәтел жазып, жатқа айтып берді.

13.10.2023ж 5 в сыныбында 5.3.1.1- шығармадағы кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстыру, оқу мақсатына сәйкес, қазақ әдебиеті сабағынан **«Қобыланды батыр» жырының тәрбиелік мәні** тақырыбында Л. Изеева ашық сабақ өтті. **«Сатып аламын»** ойыны арқылы бір-бірінің жақсы қасиеттерін сатып алып, түрлі-түсті жылқының түрлері арқылы 3 топқа бөлінді. Оқушылар құндылық сөзінің мағынасын ашып, бүгінгі тақырыппен байланысын нақтылап алды. **«Киім ілгіш»** ойыны арқылы өткен сабақты пысықтап оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятып алды. **Мағынаны тану кезеңінде** «Қобыланды батыр» – халық ауыз әдебиетіндегі батырлар жырының бірі екенін, ата-анасының зарығып жүріп көрген жалғыз баласы Қобыланды бойына жастайынан ерге, батырға тән қасиеттерді жиып өскенін, ер-азаматқа лайық ісімен шартты орындап, Көктім аймақ ханның жалғыз қызы Құртқаны ұзатып алуынан басталған жыр оқиғасы Қобыланды батырдың ерлік, батырлық, намысшылдық іс-әрекеттерімен жалғаса, **«Қобыланды батыр»** жыры Қобыландының барлық жауларын жеңіп, ел-жұртын, ата-анасын молшылыққа кенелтуімен аяқталуы туралы ойларын жеткізді.



Композициялық талдау	Мазмұндық жоспары
Басталуы	
Дамуы	
Шиеленісуі	
Шарықтау шегі	
Шешімі	

Оқушылар жырдан талдау жасап, үзінділер арқылы ойын дәлелдеп, **«Қобыланды батыр»** жырының тарихи құндылығы бойынша зерттеу жүргізеді.

2 топқа кестемен жұмыс берілді. Жырдың негізгі идеясын, тақырыпқа сай қандай мақал-мәтел, нақыл сөздерді, **«Қобыланды батыр»** жырынан қандай тұжырым шығаруға болатыны жайлы өз көзқарасын жазып, өз ойларымен тапсырманы түйіндейді.

3топ «Қобыланды батыр» жырындағы кейіпкерлер бейнесін ашып, жырдан мысалдар келтіріп, кейіпкерлер образын ашып, сипаттай білді.



«РАФТ» әдісі арқылы 1 топ **«Қобыланды батыр»** жырындағы кез келген кейіпкерге хат жазып, 2 топ Қобыланды батырды сипаттап, 3 топ қазіргі заманда Қобыланды сияқты батырлар кездеседі ме? Осы сұрақтар бойынша қобыландыға мінездеме беріп, қазіргі өмірмен салыстырып жазды. Үздік жазбалар **«Автор орындығында»** оқылды. Оқушылар мақалмен берілген сөзжұмбақты шешіп, **«Маңызды аймақ»** әдісі арқылы оқушылар өздері үшін сабақта не аса маңызды, не аса маңызды емес болғанын айтып, іс-әрекетіне баға берді, мұғалім қорытынды кері байланыс жасады. Сабаққа қатысқан әріптестерім жақсы деген бағасын берді.

13.10.2023ж 5 в сыныбында 5.3.1.1- шығармадағы кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстыру, оқу мақсатына сәйкес, қазақ әдебиеті сабағынан **«Қобыланды батыр»** жырының кейіпкерлері тақырыбында Г. Ермекбаева ашық сабақ өтті. Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашып, **«Визуалды айғақтар»** әдісі арқылы оқушылардың қызығын ашып, оқушыларды екі топқа бөліп, **«Қобыланды батыр»** жыры мазмұнына сай жүйелеп, плакатқа жапсырып, ертегі мазмұнын қаншалықты

меңгергендігі аңғарылды. Жырдан мысалдар келтіре отырып, кейіпкерлер образын ашып, сипаттап, **«Концептуалдық кестемен»** жұмыс жүргізіп, пікірін дәлелді жеткізіп, бүгінгі күнмен салыстыра білді.



Қазақ тілі апталығы жоспар бойынша жүргізілді. Жоспарланған іс-шаралар мен ашық сабақтар өз деңгейінде өткізілді. Ашық сабақтар жаңартылған білім беру бағдарламасына сай құрылып өткізілді. Әрбір өткізген сабаққа талдау жасалып, жағымды жақтары мен кемшілік тұстары айтылды, ұсыныстар берілді. Мектеп әкімшілігі тарапынан апталықтың өтілу барысы жақсы деп бағаланды.

Пән апталықтарының жоспарына сәйкес ИФМ бірлестіктерінің 3 мен 13 қазан күндері апталықтары болып өтті.

ИФМ бірлестігінің апталықтарының ашық сабақтары болып өтті. «Санау жүйесі» тақырыбында 04 қазан күні Пердебаева Ақенже 10 «Б» сыныбында ашық сабақ өтті. Оқушыларды топқа «Wordwall» бағдарламасы мен топқа бөлді. Миға шабуыл әдісі арқылы жаңа сабақтың мағынасын аша білді. Жеке жұмыс «Боулинг» әдісі арқылы сұрақтарға жауап беріп, «Әмиян» әдісі арқылы бағаланып оырды. «Пирамида» әдісі арқылы топтық жұмыс орындалды, әмиян әдісі арқылы бағаланып отырды. «Padlet» тақтасы арқылы кері байланыс алынып, тиімді әдіс-тәсілдер арқылы сабақ мақсатына толықтай жете білді.

«Компьютер қалай жұмыс жасайды» тақырыбында 5 қазан күні 8 «Г» сыныбымен Нұралықызы Лаура ашық сабақ өтті. Симкарта әдісі арқылы екі топқа бөлінді. Жаңа сабақ түсіндіріліп тапсырмалар орындалды. «Мюнстерберг» әдісі арқылы адасқан әріптерден компьютер құрылғыларының атауларын тапты, «Домбыра» әдісі арқылы бағаланып отырды. «Әуе шары» әдісі арқылы топтық тапсырма орындалды. Кері байланыс «Insert» әдісі арқылы алынды. Оқушылар сабақта белсенділік танытпады, тапсырмалар толық орындалды оқулық пен дәптер мен жұмыс болды.

Арыстанова Перизат «Бірмүшелер және оларға амалдар қолдану, мүшелердің дәрежесі және стандарт түрі» тақырыбында 7 «В» сыныбы мен ашық сабақ өтті. «Wordwall» бағдарламасы мен үй тапсырмасын орындалды. «Аквариум» әдісі арқылы топтық жұмыс орындалды бағалау түрі «Білім заряды», Жұптық жұмыс «Суши» әдісі арқылы есептер шығарылды. «Киндер

сюрприз» әдісі арқылы жеке жұмыс орындалды. Оқушылар мен мұғам арасында байланыс болды.

Математика пәні мұғалімі 09-қазан күні Жамантаева Венера 5-сынып оқушылары мен «Дәреже» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ мақсаты жақсы құрылған, сабақ мақсатына жетуде таңдалып алынған әдіс -тәсілдерін тиімді пайдаланды, әр тапсырмада бағалау толығымен жүргізілді. Ережелер сұралып өткен сабаққа шолу болды, тақтамен дәптер мен жұмыстар жүргізілді, мұғалім сабақ мақсатына жетті.

Физика пәні мұғалімі Қазыбекова Майра 10 қазан күні 9 «Б» сынып оқушылары мен «Центрге татқыш үдеу» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ мақсаты түсіндіріліп, жаңа сабақты түсіндіруде бейнежазба қолданылды. Оқушы мен мұғалім арасында байланыс болды, сабақ мақсатына жетуде мұғалім тиімді әдістерді пайдаланды.

Алгебра пәні мұғалімі Лесбаева Гулжамал 7 «А» сыныбымен 10 қазан күні «Көпмүшелер.Көпмүшенің дәрежесі және стандарт түрі» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ мақсаты мен жаңа сабақ толықтай түсіндірілді. Топтық,жұптық, жеке жұмыстар тиімді әдістер мен таңдалып алынған, әр тапсырма толықтай бағаланып отырды. Сергіту сәті ерекше өтті. Мұғалім сабақ мақсатына жетті.

Алгебра пәні мұғалімі Кантемирова Батима 8 «А» сыныбымен 12 қазан күні «Құрамында квадрат түбірлері бар өрнектерді түрлендіру» тақырыбында ашық сабақ өтті. Ұйымдастыру кезеңінде оқушыларды топқа бөліп, үй тапсырмасын «Серпілген сауал» әдісі арқылы сұрап бағалап алды. Жаңа сабақ түсіндіріліп, сабақ мақсатына жетуде «Тарсия», «Попкорн», «Ойлан,жұптас, бөліс», «Фонарик» әдістерін тиімді пайдалана алды, әр тапсырма толықтай бағаланып отырды.

Информатика пәні мұғалімі Сайман Гулнұр 3 «А» сынып оқушыларымен 12 қазан күні «Желіде тілдесу» тақырыбында ашық сабақ өтті. Мұғалім мен оқушы арасында байланыс бар. Ынтымақтастық атмосферасын құра отырып, топқа бөліп алды.Жеке жұмыс, топтық жұмыстар толығымен орындалып бағаланды. ЕБҚ балаға арналаған тапсырмалар қолданылды. Сабақ мақсатына жете білді.

Физика пәні мұғалімі Байташова Асемкуль 13 қазан күні 9 «ә» сыныбы мен «Жұлдызды аспан. Жұлдыздар мен шоқжұлдыздар» тақырыбында ашық сабақ өтті. Ұйымдастыру кезеңінде оқушыларға жағымды ахуал туғызып, топтарға біріктірді. Үй тапсырмасын сұрап, жаңа тақырыпты бейнежазба арқылы түсіндірді. Жұлдызды ақпарат әдісі арқылы топтық тапсырма орындалды, қб «лайк » арқылы. Жұптық жұмыс «Сәйкестендіру» әдісі арқылы, жеке жұмыс «Google» арқылы алынды, тапсырмалар тиімді қолданылды бағаланып отырды.

Пән апталықтарының жоспарына сәйкес орыс тілі мен әдебиеті бірлестіктерінің 05 мен 15 желтоқсан күндері апталықтары болып өтті.

05 желтоқсан күні ашылу салтанаты болды. Конкурс «Самый (ая) грамотный (ая) » Кантуреева Фарида 5 сыныптар мен өткізді. «Самый

полезный вид спорта» тақырыбында Отарбаева Бибикуль 7 «А» сыныбымен ашық сабақ өтті. Сабақта оқушылар өте белсенді болды, мұғалім сабақ мақсатына жетуде тиімді әдістерді пайдаланды. «Самый полезный вид спорта» тақырыбында Алиева Гулзина ашық сабақ өтті. Сабақ мақсатына жетуде ерекше әдістерді тандап алды. Оқушыларды ынталандыратын әдістерді пайдалана отырып сабақ мақсатына жетті. Внеклассная работа «Лидер XXI века» атты сыныптан тыс сайыс ұйымдастырды Әділ Гулназ.

Пән апталықтарының жоспарына сәйкес 27 желтоқсан тарих және география бірлестіктерінің аудандық семинары болып өтті

Семинардың тақырыбы: «Жалпы адамзаттық құндылықтар - мектептің тұтастай педагогикалық үдерісінің негізі».

Мақсаты: Білім мазмұнын жаңаруы мен қатар сабақ үдерісіндегі оқытудың әртүрлі әдістердің тиімді қолданудың маңызын ашып көрсету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту.

«Бүгінгі өскелең ұрпақ нағыз білімді, жан-жақты дамыған, өз елін сүйетін, ұлт жанды азамат болуы тиіс»

Тәжірибелік семинарда аталған білім ордасының тарих және география пән мұғалімдерінің «Қазақтардың ру-тайпалық құрылымының ерекшеліктері», «Құрлық сулары», «Сырым Датұлы бастаған көтеріліс», «Қыпшақ хандығы», «Қазақстандағы ұлттық автономиялар», «Геосфералардың ластануы», «XX-ғасырдың екінші жартысындағы білім беру жүйесінің дамуы», «Гидросфера және оның құрамдас бөліктері», «Тоқырау жылдарындағы демографиялық процесстер», «Монғол шапқыншылығы» тақырыптарында ашық сабақ және шебер сабақтары өткізілді.

Семинар қорытындысын бөлім әдіскері М.Мырзабасов қорытындылап, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Аудандық білім бөлімінің жоспарына сәйкес 13 желтоқсан күні М.Горький жалпы білім беретін мектеп базасында биология пәні мұғалімі Г.Батырмбетова 9 сыныптар арасында «Жасуша құрылысы» тақырыбында шебер сынып сағатын өткізді.

15 желтоқсан Шардара мектеп лицейі базасында «Химия және биология пәндерінің функционалдық сауаттылық тапсырмаларын қолдану» атты аймақтық семинарға шебер сынып сабағын көрсеткен биология пәні мұғалімі Орынбекова Нұрсулу, химия пәні мұғалімі Асанова Гулжанат шебер сынып сабақтарын көрсетті.